



«31» тамыз 2024 жыл

2023-2024 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жылдық жоспары

Жаңа Өмір ауылы

**«Алишер» жеке кәсіпкерлігі «Алмажан+» балабақшасы
2023 – 2024 оқу жылына арналған жалпы мәліметтер**

«Алишер» жеке кәсіпкерлігі «Алмажан+» балабақшасы төмендегі мекен жайда орналасқан: БҚО, Теректі ауданы, Жаңа Өмір ауылы, Болашақ көшесі, №13. Пошталық индекс 091112

Гимарат түрі: 1 қабатты

Пайдалануға берілу мерзімі: 05.03.2020ж

Жоба қуаттылығы: 220 орынға есептелінген.

Оқыту тілі: қазақ тілі

Жас ерекшелігіне қарай 7 топ бар. 2023-2024 оқу жылының 1 қыркүйегіне жас топтары бойынша балалар саны:

№	Топтың атауы	Жас топтары	Балалардың жасы	Балалар саны
1	«Болашақ» тобы	Мектепалды тобы	5 жас	25
2	«Дарын» тобы	Мектепалды тобы	5 жас	25
3	«Балауса» тобы	Ересек тобы	4 жас	25
4	«Бәйтерек» тобы	Ересек тобы	4 жас	25
5	«Балдырған» тобы	Ортаңғы тобы	3 жас	25
6	«Құлыншақ» тобы	Ортаңғы тобы	3 жас	25
7	«Ботақан» тобы	Ортаңғы тобы	3 жас	25
Барлығы				175

Балабақшаның оқу – тәрбие жұмысында:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартын;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 қосымшаларын;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы) басшылыққа алынды.

2023 - 2024 оқу жылының басында 16 педагог кадрды құрады: 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 1 педагог-психолог, 11 тәрбиеші, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы, 1 қазақ тілі пәні мұғалімі. Санаты бар педагог жоқ. 12 педагог - жас маман. Жоғары білімді - 6 (35%) педагог, арнаулы орта білімді –11 (65%) педагог. Балабақшада медицина кабинеттері, топтар жабдықталған.

I. 2022 - 2023 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына талдау

2022 - 2023 оқу жылында жас ерекшелігіне қарай мектепалды, ересек, ортаңғы топтары жабдықталды. Балабақшада оқу жылында 175 бала тәрбиеленді.

«Алмажан» балабақша ұжымы оқу жылында жоспарланған мақсат, міндеттерді орындау мақсатында жұмыстанды:

1. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы тәрбиеленушілердің отбасылық құндылықтарға құрметін қалыптастыру, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі педагогикалық құзыреттілігін арттыру.
2. Денсаулық сақтау технологияларын тиімді пайдалану арқылы тәрбиеленушілер мен ата-аналардың салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін қалыптастыру және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту.

Оқу жылында мақсат, міндеттерді ҚР МЖМБС және ҚР БЖҒМ 12.08.2016 ж №499 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» басшылыққа ала отырып жұмыстанды.

Құзыреттіліктер	Нәтижелерді қорытындылау
«Физикалық қасиеттері»	Қозғалыс дағдыларын меңгертуге, өмірлік маңызды қимылдарды өздігінен орындай алуға және бала денсаулығын нығайту мен шынықтыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылды. Балалардың аурушандығы мен жарақаттануын төмендету мақсатында қолайлы жағдайлар жасалып, оң нәтижелерге қол жеткізілді. Жыл бойы тәрбиеленушілердің денсаулығын

	нығайтуға бағытталған шынықтыру-сауықтыру жұмыстары жүргізілді: таза ауада қабылдау, күнделікті серуендер, таңғы жаттығулар, қимылды ойындар, дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері және спорттық іс-шаралар. «Балалардың дене белсенділігін арттыру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында педагогикалық кеңес өткізілді. Өткізілген шаралар: • Педагогтермен «Мектепке дейінгі ұйымдағы денсаулық сақтау технологияларының тиімділігі» тақырыбында шеберлік сыныбы; • Балалармен «Шаттыққа толы старттар» спорттық сайысы; • «Денсаулық әлеміне саяхат» танымдық іс-шарасы; • «Спорт – денсаулық кепілі» спорттық мерекесі; • «Көңілді ойындар алаңы» қимылды ойындар күні; • «Сиқырлы доптар әлемі» спорттық эстафетасы; • «Болашақ спорт жұлдыздары» жарысы; • «Жылдам, мықты, епті» спорттық сайысы; • «Денсаулық бағытымен» ойын-сауық бағдарламасы; • «Қыс қызықтары» қысқы спорттық мерекесі; • «Теңіз патшалығындағы мереке» спорттық ойын-сауық шарасы; • Денсаулық күні; • «Шыныққан ұрпақ» дене шынықтыру мерекесі.
Коммуникативтік дағдылар	Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, әртүрлі өмірлік жағдайларда еркін қарым-қатынас жасауға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру, шығармашылық қабілеттері мен командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатта тәрбиеленушілермен «Ойыншықтар сөйлейді», «Мақта қыз бен мысық», «Қоян мен түлкі» тақырыптарында ашық көрсетілімдер ұйымдастырылып, балалардың тілдік белсенділігі мен сахналық мәдениетін дамытуға жағдай жасалды. Сонымен қатар, «Шалқан» ертегісінің қойылымы сахналанып, тәрбиеленушілердің рөлдерді орындау, бірлескен әрекет жасау және кейіпкерлердің іс-әрекетін түсіну дағдылары жетілдірілді. Балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында «Атақты ақындардың өлеңдері», «Мұқағали – мұзбалақ ақын» тақырыптарында мәнерлеп оқу шаралары өткізілді.

	Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған танымдық іс-шаралар мен байқаулар ұйымдастырылып, балалардың туған тілге деген сүйіспеншілігі мен ұлттық құндылықтарға құрмет сезімі қалыптастырылды. Қарттар күніне арналған тақырыптық кеш өткізіліп, тәрбиеленушілер үлкендерді құрметтеу, сыйлау, ізеттілік таныту сияқты адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге мүмкіндік алды. Сонымен қатар оқу жылы барысында «Ертегілер әлеміне саяхат», «Кітап – білім бұлағы», «Тіл мерекесі», «Менің сүйікті кейіпкерім», «Отбасымен бірге оқимыз» тақырыптарында әдеби-танымдық шаралар, мәнерлеп оқу байқаулары мен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде тәрбиеленушілердің сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу дағдылары жетілді, көркем шығармаларды қабылдау және мазмұндау қабілеттері артты. Балалар өз ойларын еркін жеткізуге, құрдастарымен және ересектермен мәдениетті қарым-қатынас жасауға, бірлескен іс-әрекетке қатысуға дағдыланды.
Танымдық және зияткерлік дағдылар	Тәрбиеленушілердің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіне қажетті танымдық және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру, табиғат құбылыстары мен қоршаған орта нысандарына қызығушылығын арттыру, қарапайым тәжірибелер жасау арқылы бақылау, салыстыру, қорытынды шығару қабілеттерін дамыту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы бағытта «Түрлі түсті әлем», «Білгішбектің хикаялары», «Ақылды аю» тақырыптарында ашық көрсетілімдер ұйымдастырылып, балалардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасалды. Ашық көрсетілімдер барысында тәрбиеленушілер түстерді ажырату, заттардың қасиеттерін анықтау, себеп-салдарлық байланыстарды түсіну және қарапайым зерттеу әрекеттерін орындау дағдыларын көрсетті. Сонымен қатар ашық есік күндері өткізіліп, ата-аналар балалардың оқу-танымдық әрекеттерімен танысты. Тәрбиеленушілермен табиғат бұрышындағы бақылаулар, маусымдық өзгерістерді зерттеу, тәжірибе жұмыстары, дидактикалық ойындар, логикалық тапсырмалар және танымдық әңгімелер жүйелі түрде ұйымдастырылды. Балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында «Су және оның қасиеттері», «Құммен қызықты тәжірибелер», «Табиғаттың ғажайыптары», «Жас зерттеушілер», «Ғажайып зертхана» тақырыптарында тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Экологиялық тәрбие беру бағытында табиғатты қорғау, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау туралы әңгімелер, бақылаулар мен шығармашылық жұмыстар өткізілді.

	Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілердің қоршаған әлемге деген қызығушылығы артып, бақылау, салыстыру, зерттеу және қарапайым қорытынды жасау дағдылары қалыптасты. Балалар табиғат құбылыстары мен қоршаған орта нысандары туралы білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділіктері мен зерттеушілік мәдениеттерін дамытуға мүмкіндік алды.
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті	Өнер туындыларын қабылдау және түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды қабылдауын дамыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін ашу және тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеттеріне қолайлы жағдай жасау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы бағытта «Жаңа жылға арналған шығармашылық идеялар» байқауы, «Күзгі қиял», «Қазақ қолөнері», «Қар қалашығы» атты көрмелер ұйымдастырылды. Көрмелер барысында тәрбиеленушілер табиғи және қалдық материалдарды пайдалана отырып шығармашылық жұмыстар жасап, өздерінің қиялы мен өнерге деген қызығушылықтарын көрсетті. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында «Жаңа технологиялар» тақырыбында шеберлік сыныбы өткізілді. Шеберлік сыныбында балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған заманауи әдіс-тәсілдер тәжірибеде қолданылды. «Бір шаңырақ астында» тақырыбында ашық көрсетілім ұйымдастырылып, тәрбиеленушілердің ұлттық құндылықтарға деген құрметі, өнерге қызығушылығы және шығармашылық қабілеттері дамытылды. Сонымен қатар оқу жылы барысында Жаңа жыл, Наурыз мерекесі, Халықаралық әйелдер күні, Отан қорғаушылар күні, Тәуелсіздік күні, Республика күні және Күз мерекесіне арналған ертеңгіліктер мен ойын-сауық бағдарламалары өткізілді. Балалардың көркемдік-эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеттері жүйелі түрде ұйымдастырылды. «Шебер қолдар», «Ғажайып бояулар әлемі», «Өнерлі бала – өрге жүзер», «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыптарында шығармашылық жұмыстар көрмесі өткізілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілердің өнер туындыларын қабылдау және бағалау дағдылары қалыптасып, шығармашылық белсенділігі артты. Балалар өз ойлары мен сезімдерін әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы жеткізуге үйреніп, эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алды.
Әлеуметтік-	Тәрбиеленушілерді оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам

эмоционалды дағдылар	және мемлекет құндылықтарына, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы бағытта балалармен «Жол және біз», «Табиғатты аяла», «Достық әлемі», «Әдепті бала – арлы бала», «Менің отбасым», «Мейірімді жүрек», «Туған өлкем – мақтанышым», «Жақсылық жасаудан жалықпа», «Қауіпсіз балалық шақ», «Табиғат – біздің ортақ үйіміз» тақырыптарында ойын-сауықтар, танымдық сағаттар және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілердің туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында мемлекеттік мерекелерге арналған тақырыптық іс-шаралар, қайырымдылық акциялары, экологиялық сенбіліктер мен патриоттық тәрбие сағаттары өткізілді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасауына, ортаға бейімделуіне және әлеуметтік дағдыларын дамытуға жағдай жасалды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде тәрбиеленушілердің үлкендерге құрмет көрсету, достық қарым-қатынас орнату, өзара көмек беру, қоршаған ортаға қамқорлық жасау дағдылары қалыптасып, әлеуметтік ортаға бейімделуі мен рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгеру деңгейі артты.
Педагог кадрлармен жұмыс	Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында «Инклюзивті білім беру жағдайында балаларды әлеуметтендіру жолдары», «Рухани-адамгершілік тәрбие берудің тиімді әдістері», «Отбасы және балабақша ынтымақтастығы» тақырыптарында шеберлік сыныптары өткізілді. Сондай-ақ педагогтермен «Тиімді қарым-қатынас – табысты ынтымақтастық негізі», «Эмоционалдық күйзелістің алдын алу», «Педагогтің кәсіби мәдениеті» тақырыптарында тренингтер ұйымдастырылды. Әдістемелік жұмыстар аясында: • «Мектепке дейінгі ұйымдағы құндылыққа негізделген тәрбие» тақырыбында дөңгелек үстел; • «Балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудағы заманауи тәсілдер» тақырыбында әдістемелік кеңес; • «Рухани-адамгершілік тәрбие – тұлға қалыптастыру негізі» тақырыбында педагогикалық кеңес берілді.

1.1 Денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету

Денсаулықты нығайту бойынша жұмыс нақты ұйымдастырылған, дене шынықтыру-сауықтыру процесі арқылы көп көңіл бөлінеді. Балабақшадағы емдеу - сауықтыру жұмыстары суық тию, тұмау және ЖРВИ-мен сырқаттанушылықты талдау негізінде құрылды, олардың көрсеткіштері күзгі-қысқы-көктемгі кезеңде артады. Бөбекжай ұжымында баланың денсаулығына, жан саулығына жалпы өмірін сақтауға көп көңіл бөлініп қамқорға алынады. Балабақшада үздіксіз шынықтыру, сауықтыру шаралары жүргізілді. Ол үшін арнайы жабдықталған спорт залы бар.

Ас мәзіріне дәрумендерді тағамдарды молырақ қосу қарастырылған. Балабақша медбикесі мезгілінде жасалатын алдын - ала екпелердің уақытында орындалуын қадағалап, кесте бойынша әр апта сайын Аңқаты ауылдық емханасының дәрігерлері балаларды қарап, тексеріс жұмыстарын жүргізді. Ата-аналарға үй жағдайында аурудың алдын-алу, қауіпсіздік шаралары жөнінде ақыл- кеңестер берілді. Күнделікті өмірде мәдени-гигиеналық шараларды орындау, күннің I және II жартысындағы шынықтыру шаралары, қимылды ойындар, жаттығулар, серуенді ұйымдастыру мақсатты түрде үздіксіз ұйымдастырылады.

Қозғалыс дағдыларын меңгертуге, өмірлік маңызды қимылдарды өздігінен орындай алуға және бала денсаулығын нығайту және шынықтыруға бағытталған шаралар ұйымдастырылды. Балалардың аурушандығын, жарақат алуын кеміту бағытында жасалған жағдай жағымды жетістіктерге жеткізді. Жыл бойы бала денсаулығын нығайту шынықтыру-сауықтыру және ұйымдастыру жұмыстары атқарылды: таза ауада қабылдау, күнделікті серуендер, ертеңгілік жаттығулар, қимылды ойындар, дене шынықтыру іс-әрекеттері, спорттық, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру ойын- сауықтары, денсаулық күні, дене шынықтыру мерекелері. Оқу жылында екі рет күз және көктемде балалардың антропометриялық өлшемдері (бой, салмақ өлшеу) алынды.

1.2. Балаларының мектепте оқуға дайындық деңгейін талдау

2022 - 2023 оқу жылында «Болашақ», «Дарын» мектепалды топтары жасақталды. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау мониторингі: бастапқы, аралық, қорытынды (қыркүйек, қаңтар, мамыр айында) мониторинг жұмыстары мектепалды топ тәрбиеленушісімен жүргізілді.

Бастапқы бақылауда ҚР білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы ұсынған Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары (2020ж. 28 қыркүйек №5 хаттама) басшылыққа алынды. Аралық және қорытынды бақылауда ҚР білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» ұсынған Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары (2023ж. 5 қаңтар №1 хаттама) басшылыққа алынды.

Стандарт талаптары бойынша бала дамуының 5 бағытына қарай үш деңгейі болуы қарастырылып, бала жетістіктерінің мониторингі жас ерекшеліктеріне қарай іске асырылды. Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау жүргізіліп, нәтижелері бойынша жиынтық есебі шығарылды. Қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің:

- Жоғары деңгей көрсеткіші – 97%;
- Орта деңгей көрсеткіші – 3%;
- Төмен деңгей көрсеткіші – 0.

Жалпы алғанда, тәрбиеленушілердің 97%-ы жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгергенін көрсетті. Мониторинг қорытындысы балалардың көпшілігінің танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық және дене дамуы бағыттары бойынша оң нәтижелерге қол жеткізгенін дәлелдейді.

Тәрбиеленушілердің білім, білік дағдалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейін әр диагностика нәтижесі негізінде бес дағды бойынша бақылау парағы мен жеке даму картасы толтырылып жұмыстанылды. Ересек тобы тәрбиеленушілері стандарт талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын толық игерді.

Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту, бағдарламаны меңгерту мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттері, жеке түзету жұмыстары, күнделікті іс-әрекетте тапсырмалар, ойындар т.б. жұмыстар ұйымдастырылды. Оқу жылында барлық балаларға жеке даму картасы толтырылып, сол бойынша жеке жұмыстар жүргізілді. Алдағы уақытта жаз мезгілінде меңгерген дағдыларын пысықтау, қайталау, жетілдіру мақсатында жұмыстар жалғастырылады.

1.3 Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері

Барлық педагогтар саны	Жоғары білімді	Арнаулы- орта білімді
17	6 - 35%	11 - 65%

Педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдірудегі біліктілік арттыру курсынан өту қорытындысы:

Барлық педагогтар саны	Өткені	Жас маман
17	10 - 59 %	7 - 41%

1.4 Тәрбиешілердің ата-аналарымен өзара байланыс

Мерекелік ертеңгіліктер, сауалнамалар, спорттық шаралар мен ашық есік күндері ұйымдастырылды. Баяндамалар: «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Сақтаныңыз, тұмау!», «Ұйқыдан оянған баланы шынықтыра білеміз бе?» ата-аналарға арналған ақыл-кеңестер, сауалнамалар, жаднамалар берілді.

Топтарда жас ерекшелігіне қарай сауалнамалар жүргізілді, төтенше жағдай кезіндегі алғашқы көмек, денсаулық – зор байлық, ас - адамның арқауы тақырыптарында жылжымалы бүктемелер жасалды. «Бала тәрбиесі-ортақ міндетіміз», «Бір шаңырақ астында» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы, ашық есік күндері ұйымдастырылды. Наурыз мерекелеріне орай ұлттық қолөнер, жаңа жыл, күз сыйы көрмелері, аналар мерекесіне арналған сурет көрмесі шығарылды.

Жүргізілген сауалнама нәтижесінде ата-аналар балабақшадағы ұйымдастырылатын оқу-тәрбие жұмысына көңілдері толады, балалар жақсы көңіл күймен балабақшаға келгісі келеді. Баланың психологиялық - физиологиялық дамуына жағдай жасалған деп есептейді. Ата-аналардың көпшілік бөлігі бөбекжай жұмысына қанағаттанады. Жалпы сауалнаманың жиынтық қорытындысы бойынша 100% құрап, респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған.

1.5 Әкімшілік-шаруашылық жұмыстың және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайларына талдау:

Балабақшаның жобалық қуаттылығы 220 балаға есептелген, балалардың жас кезеңдеріне сәйкес 3 топ құрылды. Ғимарат бір қабатты тастан салынған. Жалпы алаңы - 509 м²; Бөбекжайда жалпы 25 бейне бақылау орналасқан. Оның 11 бейне бақылауы балабақша ауласына қарайды және 14 бейне бақылау балабақша топтарында, кабинеттерде орналасқан. Балабақшада арнайы жабдықталған медициналық кабинет пен оқшаулағыш бұрышы бар. Өрт қарсы сақтандыру жүйесі орнатылған. Балабақша ауласын ойын алаңдарымен жабдықталған: әткеншек, сырғанақ, құмсалғыш т.б.

II. Жылдық міндеттерді жоспарлау

«Алмажан+» балабақшасының ағымдағы жылға алынған міндеттері:

№	Міндеттер сипаты	Күтілетін нәтиже
1	Тәрбиеленушілер мен ата-аналардың денсаулығын сақтау және экологиялық мәдениетін дамыту арқылы қауіпсіз өмір салты дағдыларын қалыптастыру	Тәрбиеленушілер мен ата-аналарда денсаулықты сақтау, қауіпсіз мінез-құлық және экологиялық мәдениет дағдылары қалыптасып, салауатты әрі жауапты өмір салтын ұстану деңгейі артады.
2	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық тәрбие арқылы рухани-адамгершілік және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.	Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік қасиеттер қалыптасып, өз ойын еркін жеткізе алатын, мәдениетті қарым-қатынас жасайтын коммуникативтік дағдылары дамыған тұлға тәрбиеленеді.

Мектепке дейінгі ұйымдары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- 1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
- 2.«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306_
6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_
- 7.Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
8. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
10. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
12. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>
13. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>
14. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_
15. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_
16. Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
17. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>
18. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>
19. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>
20. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>
21. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>
22. Педагогикалық әдеп қағидалары <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619>

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру. Біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспары

№	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Өткен жылы	Өтетін жылдары		
				2023 ж	2024 ж	2025 ж
1	Танабаева Гүлдіана Камбаровна	Меңгеруші			+	
2	Батырова Перизат Аманғалиқызы	әдіскер, тәрбиеші				+
3	Маемирова Алтынай Амангосовна	тәрбиеші			+	
4	Мухамбетжанова Айнагуль Наурзбаевна	тәрбиеші	2023ж			
5	Байешова Акмарал Каирғалиевна	тәрбиеші	2023ж			
6	Нариманова Мөлдір Талапқалиқызы	тәрбиеші	2023ж			
7	Мақсотова Аяжан Мақсотқызы	тәрбиеші	2023ж			
8	Кулбаракова Ардак Орынғалиқызы	тәрбиеші	2024ж			
9	Кереева Ағайша Саиновна	тәрбиеші				+
10	Маренова Айым Нұрланқызы	Қазақ тілі пәні мұғалімі			+	
11	Қадырова Ақгүл Саматқызы	ДШ нұсқаушысы				+
12	Досказиева Самал Гусмановна	тәрбиеші	2024ж			
13	Утеуова Кенжегүл Есенбайқызы	тәрбиеші	2024ж			
14	Рахымбекова Куралай Кумарғалиевна	тәрбиеші				+
15	Муталиева Самал Каиржановна	тәрбиеші	2023ж			
16	Әшімова Ажар Ғалымғалиқызы	педагог-психолог	2023ж			
17	Калашова Сандугаш Тулешовна	тәрбиеші	2023			

Аттестаттауға дайындық және аттестаттау

№	Шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Балабақша бойынша аттестация комиссиясын құру, бұйрық шығару.	Тамыз	Меңгеруші
2	Аттестаттауға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту.	Қыркүйек	Аттестаттау комис. төрайымы
3	Аттестаттау ережесімен таныстыру, кеңес беру.	Қыркүйек	Аттестат.комиссиясы
4	Сараптау комиссияның жұмысы: а) аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен әңгімелесу; ә) бірінші кезең – біліктілік тестілеуден өту; б) шығармашылық есебін тыңдау; Нәтиже: аттестатталушының шығармашылық папкасы.	Қыркүйек - қараша-қаңтар	Сараптау комиссиясы
5	Сараптау комиссияның жұмысы: ● Ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне қатысу; ● Іс-құжаттар папкаларымен танысу; ● Аттестаттау парағын толтыру; ● Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру; ● Комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог-тәрбиеші туралы қорытынды шешім қабылдау)	Оқу жылы барысында желтоқсан – мамыр	Сараптау комиссиясы
6	Келесі аттестат/н өтетін педагогтарды анықтап, өтініш, жеке куәлік көшірмесін алу және деректер базасына енгізу.	мамыр	Аттестаттау комиссиясы

Педагогтердің өз білімін жетілдіруі

№	Педагогтың аты-жөні	Қызметі	Өз бетімен білімін көтеру тақырыбы
1	Танабаева Гульдана Камбаровна	Меңгеруші	Педагогтың кәсіби құзыреттілігі-білім сапасын көтерудің факторы
2	Батырова Перизат Аманғалиқызы	әдіскер, тәрбиеші	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру

3	Маемирова Алтынай Амангосовна	тәрбиеші	«Ойын арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту»
4	Мухамбетжанова Айнагуль Наурзбаевна	тәрбиеші	«Сюжетті-рөлдік ойындардың бала тәрбиесіне ықпалы»
5	Байешова Акмарал Каирғалиевна	тәрбиеші	Ойын арқылы балаларды оқыту
6	Нариманова Мөлдір Талапқалиқызы	тәрбиеші	Балалардың коммуникативті қабілеттерін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы
7	Мақсотова Аяжан Мақсотқызы	тәрбиеші	Танымдық-шығармашылық ойындар арқылы баланың зияткерлік қабілеттерін дамыту.
8	Кулбаракова Ардак Орынғалиқызы	тәрбиеші	Жаңашыл инновациялық технологиялар арқылы баланың танымдық дағдыларын қалыптастыру
9	Кереева Агайша Саиновна	тәрбиеші	Музыкалық тәрбиенің бала тұлғасына әсері
10	Маренова Айым Нұрланқызы	Қазақ тілі пәні мұғалімі	Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда ойын технологияларын тиімді қолдану
11	Қадырова Ақгүл Саматқызы	ДШ нұсқаушысы	Қимылды ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуы мен салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру
12	Досказиева Самал Гусмановна	тәрбиеші	Ұлттық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту
13	Утеуова Кенжегүл Есенбайқызы	тәрбиеші	STEM элементтерін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту
14	Рахымбекова Куралай Кумарғалиевна	тәрбиеші	Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дәстүрден тыс сурет салу әдістері арқылы дамыту

15	Муталиева Самал Каиржановна	тәрбиеші	Ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру
16	Әшімова Ажар Ғалымғалиқызы	педагог-психолог	Ойын және арт-терапия әдістері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық интеллектін дамыту
17	Калашова Сандугаш Тулешовна	тәрбиеші	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану

2. Педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыс

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР (ПК)

№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

тамыз

Тақырыбы: «2023-2024 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау.

№	Мазмұны	Негіздеме	Жауаптылар
1	2023-2024 оқу жылына арналған нормативті құжаттармен таныстыру,талқылау.	Нормативтік құжаттар	Меңгеруші Әдіскер
2	Педагогикалық кеңес құрамын сайлау.	Бұйрық	Меңгеруші
3	Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.	Сайтта жариялау	Әдіскер
4	2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.	Әдістемелік нұсқау-хат	Меңгеруші Әдіскер
5	2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер.	Жылдық жоспар	Әдіскер
6	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі,күн тәртібі.	ҰОҚ кестесі, күн тәртібі	Меңгеруші Әдіскер
7	Топтағы балалардың тізімдері.	Балалар тізімі	Меңгеруші, әдіскер
8	Бақылау мен басшылық:топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.	Бақылау қорытындылары	
Педагогикалық кеңес шешімі		Меңгеруші, әдіскер, пед.ұжым	

№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС қараша

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беруде дидактикалық ойындарды қолдану.

